

ІІМ Қостанай академиясының курсанттары Газезова Мария Ерлановна, Шаригина Наталья Ренатовна 11 сыныптармен кездесіп үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Академияға он алты жасқа толған Қазақстан Республикасының азаматтары және колледж түлектері қабылданады. Оқыту мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен қазақ және орыс тілдерінде түлектерге «полиция лейтенанты» немесе «әділет лейтенанты» арнаулы атағы және «бакалавр» академиялық дәрежесі беріле отырып жүргізіледі.



Академияда күндізгі оқу кезеңі мерзімді әскери қызмет өткеруге теңестіріледі және құқық қорғау органдарындағы қызмет өтілі ретінде есептеледі. Оқушыларға академияның тыныс-тіршілігі туралы бейнеролик көрсетілді. Оқушылар оқу-орнына қызығушылық танытып өздерін қызықтырған сұрақтарына жауап алды.

